



Сабақтың тақырыбы:

Мақал- мәтелдер



Сабақтың мақсаты:



Мақал-мәтелдер және
олардың
айырмашылығы
туралы алған
білімдерін тереңдету.

Адамгершілік
қасиеттерді
дәріптеу

Тілдерін және
сөздік
қорларын
дамыту



**Қайырлы күн, достым,
Сәттілікке толсын!
Біздің алар бағамыз,
Кілең бестік болсын!**

Оқушыларды топқа бөлу. Оқушылар мақалдар жазылған қағаз қиындыларын алып, мақалдың жалғасын тауып орындарына жайғасады.

I топ. Әке көрген оқ жоңар...

II топ. Жеті жұрттың тілін біл...

III топ. Аяз әліңді біл...

IV топ. Ерді намыс өлтірер...

Үй тапсырмасы.

Өткен тақырыптарды пысықтау «Қарама - қарсы шабуыл» әдісі бойынша ашық сұрақтар

1. Тұрақты сөз тіркестері дегеніміз не?
2. Тұрақты сөз тіркестерінің орны ауыстырыла ма?
3. Тіркес құрамындағы сөздер жеке-жеке мағына бере ме?
4. Құрамындағы сөздер бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі бола ма?

Мына сөзжұмбаққа қарасақ, бүгінгі сабақтың тақырыбы шығады

1. Жазылуы бірдей, мағыналары әр түрлі сөздер.
2. Заттың атын білдіретін сөз табы.
3. Жылқы пірі.
4. Адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін сөздер.
5. Бала тілі -
6. Төрт түлік
7. Әріптердің жиынтығы
8. Білім беру ордасы
9. Сиыр пірі.
10. Жақын сөзінің антонимі

о	М	о	н	и	м				
з	а	т	е	с	і	м			
	қ	а	м	б	а	р			
о	д	а	ғ	а	й				
б	а	л							
		М	а	л					
		ө	л	і	п	б	и		
м	е	к	т	е	п				
	з	ө	ң	г	і				
	а	л	ы	с					

Мақал-мәтелдер

Мақал-мәтелдер бізді ата-бабаларымызбен жалғастырып жатқан көпір сияқты. Мақал-мәтелдер арқылы олардың өсиетін тыңдай аламыз. Олардың әрбірінен ата-бабамыздың бізге қалдырған баға жетпес тәрбиесін көре аламыз.

Бір жағынан мақал-мәтелдерді өмір сүру қағидалары десек те болады. Өйткені олардан керекті ақылдың бәрін таба аласыз. Нені істеу керек, нені істемеу керек екенін білесің. Адасқан уақытында саған бағыт беріп отырады. Демек, мақал-мәтелдерді оқып үйренген адам өмірден өз жолын таба алады. Сондықтан “Ғалымның өзі өлсе де, сөзі өлмейді” деген мақал-мәтел осыған байланысты айтылған.

Мақал-мәтелдердің негізгі белгілері:

Мақал

Тәрбиелік
мәні
бар, ақыл-
нақыл
сипатында
айтылатын
сөздер тобы

Аз сөзбен
көп
мағына
білдіреді

Мәтел

Ой –пікірді
бейнелеп,
тұспалдап, иш
аралап
тұратын
сөздер тобы


Мақал-мәтелдердің ерекшеліктері

Р/с	Мақал	Мәтел
1	<p>Құрылысы жағынан екі-үш бөлімді.</p> <p><u>Әке – асқар тау, шеше-қайнар бұлақ, бала-жағасындағы құрақ.</u></p>	<p>Көбіне бір бөлімді болып келеді.</p> <p><u>Кәрі түлкі қақпанға түспес.</u></p>
2	<p>Ой неғұрлым ашық айтылады.</p> <p><u>Батыр тұса - ел ырысы, жаңбыр жауса - жер ырысы.</u></p>	<p>Ой, пікір ишара, тұспал түрінде беріледі.</p> <p><u>Көп түкірсе – көл.</u></p>
3	<p>Мақалдың мазмұнында себебі мен салдары қатар айтылады.</p> <p><u>Қорқақты көп құсаң, батыр болады.</u></p>	<p>Істің салдары айтылып, себебі айтылмай қалып қояды.</p> <p><u>Дария жанынан құдық қазба.</u></p>

МАҚАЛ – МӘТЕЛДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ




Мақал-мәтелдер – көлемі қысқа және терең ой, көп мағына беретін сөздер. Мақал-мәтелдерде ой тұжырымдалып, қорытынды пікір түрінде беріледі.



Білекті бірді жығады,
Білімді мыңды жығады.




Еменнің иілгені – сынғаны,
Жігіттің екі сөйлегені – өлгені.







Қоянды қамыс өлтіреді,
жігітті намыс өлтіреді




• Сабыр түбі – сары алтын.

Жеті рет өлшеп, бір рет кес.





Бірлік түбі – тірлік



Ұрлық түбі – қорлық



**Көз – қорқақ,
қол – батыр.**



Оқулықпен жұмыс

126 – жаттығу.

127 – жаттығу.

Мәтелдерді бір бөлек,

Мәтелдерді бір бөлек,

көшіріп жазу.

Сергіту сәті «Қай топ жүйрік?» ойыны

* *1* 1. Санды мақал-мәтелдерді шешу,.

Ұлға 30 үйден тыю, қызға 40 үйден тыю.

100-ден 1-еу шешен, 1000-нан 1-еу көсем.

6 жасар бала атқа мінсе, 60-тағы шал сәлем берер.

«**2-лікке**» көз жасыңды төккенше, «**5-тікке**» терінді төк

2. Суретпен жұмыс.



ДОСЫҰ А,

КЕЛЕР БАСЫҰ А.



ОҰ ЫҰ АНДІКІ

**,
БІЛІМ ТОҰ ЫҰ АНДІКІ.**

□ **НЕР АЛДЫ-**  **ТІЛ**



ШЕБЕРДІ □ **ОРТА** □ ,

ШЕШЕННІ □ , **ТІЛІ ОРТА** □ .

АЙТЫЛ □ **АН С** □ **3 - АТЫЛ** □ **АН**



ТУҰ АН ЖЕРДІ


ДЕ

ЫСТЫ ,

ЫСТЫ .



- ДЕ



-

ТІЛ



- *ДА* *ТКІР.*

ТІЛДЕН АРТЫ ,



ЖО



- **ОР**



БАТЫР.

- АЛТЫН АЗЫНА.



Шығармашылық тапсырмалар
«Кір жаятын жіп» ойыны. Әр топтың
тапсырмалары ілініп тұрады. Топ
басшылары алып, топта оқушылар
жұмыс жасайды.



I топ. Ең қысқа мақал – мәтелдерді тауып жаз.

II топ. Суретпен жұмыс. Мақал- мәтелдерді кіріктіре отырып мәтін құрау.

III топ. Мақал- мәтелдерді тақырыпқа байланысты сәйкестендір.

IV топ. Тірек сөздер арқылы Отан туралы шағын мәтін құрау.



. «Ойлы болсаң, озып көр». Бұл кезеңде әр топ орны ауыстырылып берілген сөздерден мақал құраулары қажет.

I топ.

1. Жанына адамға мал бітсе, жаман қондырмас қоңсы.
Торсық жал жаман байлатпас, жанына бітсе атқа.

* * * * *

Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас.
Жаман адамға мал бітсе, жанына қоңсы қондырмас.

2. Жағадағы қыз жұлдыз көктегі,
Жақсы жігіт жақсы құндыз.

* * * * *

Жақсы қыз – жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.



II топ

1. Сөзі білімсіздің жібектей, білімдінің білектей сөзі.

Білімсіздің сөзі білектей,
Білімдінің сөзі жібектей.

2. Алтын ішінде жатады ат жақсы еркектің ерлі,
Бесікті әйелдің ұл жатады алтын жақсы ішінде.

Жақсы еркектің ішінде алтын ерлі ат жатады,
Жақсы әйелдің ішінде алтын бесікті ұл жатады.

III топ

1. Сүріншек ақылсыз адам, адам әлсіз еріншек.

Әлсіз адам сүріншек, ақылсыз адам еріншек.

**2. Құрдас заманы бір емес, бір құрдас заманы.
Жасы бір құрдас емес, заманы бір құрдас.**

IV топ.

IV топ.

**1. Қарың өткір талмайды орағың болса,
Жауың берік болса Отаның алмайды.**

**Орағың өткір болса, қарың талмайды,
Отаның берік болса, жауың алмайды.**

2. Біріксе көп болар ел, көл болар тілегі көп.

Көп біріксе ел болар, көп тілегі көл болар.



Рефлексиялық бағалау кезеңі

- Үй тапсырмасы:
- 135 – жаттығу.

Ненің түбі не?

Еңбек түбі не?

Көптің түбі не?

Бейнет түбі не ?

Ынтымақ түбі не?

Ұрлық түбі не?

Уайым түбі не?

Сөз анасы не?

Жол анасы не?

Су анасы не?

Тірлік түбі?

Кәсіп түбі?

Тәуекел түбі?



Ненің түбі не?

Еңбек түбі береке
Көптің түбі көл
Бейнет түбі зейнет
Ынтымақ түбі ырыс
Ұрлық түбі қорлық
Уайым түбі қайғы

Сөз анасы құлақ
Жол анасы тұйяқ
Су анасы бұлақ
Тірлік түбі бірлік
Кәсіп түбі нәсіп
Тәуекел түбі желқайық,
өтесің де кетесің?



III аялдама

«Жылдам жауап» ойыны. Сәйкестендіру

1 Еңбек түбі	Зейнет
2 Бейнет түбі	Береке
1 Ұрлық түбі	Бұлақ
2 Сөз анасы	Қорлық
1 Су анасы	Тұяқ
2 Жол анасы	Құлақ



IV аялдама “Кім жылдам?”

Мақалды жалғастыру.

1. Баланың ұяты – әкеге...
2. Атаңа не қылсаң,...
3. Туған жердей жер болмас...
4. Батыр туса – ел ырысы,...
5. Екі жақсы қас болмас,...
6. Ұяда не көрсең...

VI АЯЛДАМА

“ЖҰМБАҚТАР СӨЙЛЕСЕ” (мен айтқан

жұмбақтың шешуін тауып, сол жауап сөзі бар
мақал -мәтел айтылу керек)

• Судан шығады, судан қорқадь(тұз)

• Зер-зер кілем зер кілем (жер)

• Қабат-қабат қаттама
Ақылың болса аттама (кітап)

Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.

Жер құтты болса, Мал сүтті болады.

Кітап - білім бұлағы, Білім - өнер шырағы.

